

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 170 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 1 шілдедегі № 62 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 144-бабының 3 және 4-тармақтарына, 145-бабының 7-тармағының төртінші абзацына, 148-бабының 3-тармағына, 149-бабының 2-тармағына, 151-бабының 10-тармағына және 13-тармағының екінші абзацына, 304-бабының 16-тармағына, 305-бабының 6-тармағына, 306-бабының 7-тармағына және 307-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың кейбір мәселелері туралы" 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 170 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Транзиттік декларацияның нысанын және оны толтыру тәртібін бекіту, сондай-ақ Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2023 жылғы 30 мамырдағы № 73 шешімінің 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

Б. Сұлтанов

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 1 шілдедегі
№ 62 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 170 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 302-бабының 4-тармағында көрсетілген автомобиль көлігімен тасымалданатын Одақ тауарларына және шетел тауарларына қатысты көлік құралдарының Одаққа мүше мемлекеттердің және (немесе) шектес мемлекеттердің мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы өткізу пунктеріне өтуіне және тиісінше тауарларды жөнелтуші кеден органы белгілеген мерзімде жеткізу орнына жеткізуге кедергі келтіретін кезек болған жағдайда кеден транзитінің шекті

мерзімі 1 айға 2 мың километр есебімен және кезекті еңсеру үшін қажетті мерзімге қосымша айқындалады.

Теміржол көлігімен тасымалданатын тауарларға қатысты кеден транзитінің шекті мерзімі мынадай жағдайларда 2 айға 2 мың километр есебімен айқындалған мерзімнен аса алмайды:

осы фактіні растайтын құжаттар болған кезде тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарының техникалық ақауы;

авария, форс-мажорлық мән-жайлар (еңсерілмейтін күш мән-жайлары) төтенше жағдай (құзыретті мемлекеттік органдар беретін тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы фактісін растайтын құжаттар болған жағдайда);

көлік құралдарының Одаққа мүше мемлекеттердің және (немесе) шектес мемлекеттердің мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы өткізу пунктеріне өтуіне және тиісінше тауарларды жөнелтуші кеден органы белгілеген мерзімде жеткізу орнына жеткізуге кедергі келтіретін кезектің болуы;

жөнелтуші кеден органы белгілеген мерзім өткенге дейін күнтізбелік 10 күннен кем қалған кезде тасымалданатын тауарларды келесі тасымалдаушының қабылдауы (егер тауарды тасымалдау Одаққа мүше мемлекеттердің бірнеше теміржол тасымалдаушыларының қатысуымен жүзеге асырылатын жағдайда);

теміржол әкімшілерінің конвенциялық тыйым салулар енгізуі (кеден органына осындай фактіні растайтын ақпарат және (немесе) құжаттар ұсынылған кезде).".

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Кеден транзиті мерзімін ұзартуға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 170 шешімімен
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 1 шілдедегі
№ 62 шешімі редакциясында)
БЕКІТІЛГЕН

Кеден транзитінің мерзімін ұзартуға байланысты кедендік операцияларды жасау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар жөнелтілген кеден органынан межелі кеден органына жеткізілуге тиіс мерзімді (бұдан әрі – кеден транзитінің мерзімі) ұзартуға байланысты кедендік операцияларды жасаудың дәйектілігін айқындайды.

2. Кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде кеден транзитінің мерзімін ұзарту үшін кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар декларанты немесе тасымалдаушы (егер ол декларант

болмаған жағдайда) (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 150-бабында көзделген тасымалдаушының міндеттерді сақтауына кедергі келтіретін мән-жайлар орын алған кезде кеден органы белгілеген кеден транзитін жөнелту мерзімі өткенге дейін Кодекстің 362-бабына сәйкес кеден транзитінің белгіленген мерзімін ұзарту туралы дәлелді өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді:

жөнелтуші кеден органына немесе кеден транзитінің мерзімін ұзартумен байланысты кедендік операцияларды жасауға уәкілетті және өзі қызмет ететін өңірде тауарлар және көлік құралы болатын кеден органына – Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кеден аумағы бойынша тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде;

жөнелтуші кеден органына немесе межелі кеден органына – Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқылы және (немесе) теңізбен Одақтың кеден аумағының бір бөлігінен Одақтың кеден аумағының басқа бөлігіне тасу (тасымалдау) кезінде.

Өтінішті жіберу кезінде уәкілетті тұлғаның тиісті кеден органына нақты келуі және осы кеден органына көлік құралын және (немесе) тауарларды ұсыну талап етілмейді.

3. Өтініште мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

а) уәкілетті тұлға туралы мәліметтер:

заңды тұлғаның, заңды тұлға болып табылмайтын ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

салық нөмірі (бар болған жағдайда). Осы Тәртіптің мақсаттары үшін салық нөмірі деп мыналар түсіндіріледі:

Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі (СТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлға үшін қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі;

Беларусь Республикасында – төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

Қазақстан Республикасында – ұйым (филиал, өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі (БСН);

Қырғыз Республикасында – заңды тұлға немесе дара кәсіпкер үшін салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (СТСН) не Қырғыз Республикасы аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);

Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТСН), ал заңды тұлға үшін – сонымен бірге есепке қою себебінің коды (ЕСК) (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі үшін оқшауланған бөлімшенің орналасқан жері бойынша берілген ЕСК қойылады);

заңды тұлға, ұйым орналасқан жердің не жеке тұлға тұратын жердің мекенжайы (елдің қысқаша атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (өңір, облыс, аудан және т.б.), елді мекен, көше, үйдің нөмірі, корпустың (құрылыстың) нөмірі, пәтердің (бөлменің, офистің) нөмірі;

б) транзиттік декларацияның немесе Кодекске сәйкес транзиттік декларация ретінде (бұдан әрі – транзиттік декларация) пайдаланылатын өзге де құжаттардың тіркеу нөмірі

Транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабы немесе АТА карнеті пайдаланылған кезде ХЖТ кітабының немесе АТА карнетінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі ;

в) тауарларды тасуды (тасымалдауды) жүзеге асыратын заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (мұндай мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келген жағдайларды қоспағанда);

г) кеден транзитінің мерзімін ұзарту қажеттілігі шарттастырылған мән-жайлар туралы мәліметтер (осы Тәртіптің 5-тармағына сәйкес);

д) тауарлар мен көлік құралдарының орналасқан жері туралы мәліметтер (оның ішінде өңір туралы) мәліметтер;

е) кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар межелі кеден органына дейін жеткізілетін болжалды мерзім туралы мәліметтер (Кодекстің 144-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген ережелерді ескере отырып) осындай мерзімнің негіздемесімен;

ж) уәкілетті тұлға үшін өтінішті қарау нәтижелері туралы хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтер (мысалы, электронды пошта, телефон арқылы және т.б., тиісті электронды пошта мекенжайын, телефон нөмірін көрсетумен).

4. Егер жөнелтуші кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған және өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда көрсетілген өтінішке сонымен бірге транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қоса беріледі.

5. Кеден транзитінің мерзімін ұзарту қажеттілігін шарттастырған мән-жайлар өтініште жалпы қолжетімді ақпарат дереккөздеріне (оның ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде (бұдан әрі – "Интернет" желісі) орналастырылған мәліметтерге) сілтемелерді көрсетумен немесе (бар болған жағдайда) өтінішпен бірге ұсынылатын құжаттармен (оның ішінде фотосуреттермен) расталады:

а) электронды құжаттар немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың электронды көшірмелері түрінде (егер өтініш электронды құжат түрінде немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттың электронды көшірмесі түрінде берілген жағдайда);

б) қағаз тасымалдағыштағы құжаттар түрінде (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда).

6. Өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кеден органына өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей тіркеу нөмірін беру арқылы кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оны тіркейді;

б) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей:

оның ішінде кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жібереді (егер өтініш кеден органына және өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесіне түспеген жағдайда тиісті ақпарат болмайды);

Кодекстің 144-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген ережелерді ескере отырып, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 170 шешімінің 1-тармағымен айқындалған кеден транзитінің шекті мерзімін ескере отырып, кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы не осындай мерзімді ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7. Өтініш келіп түскен кеден органы мынадай:

а) өтініш осы Тәртіптің 2-тармағында көзделмеген кеден органына келіп түскен;

б) өтініш кеден органына кеден транзитінің кеден органы белгілеген мерзімі өткеннен кейін келіп түскен;

в) өтінішті уәкілетті тұлға бермеген;

г) өтініш осы Тәртіптің 3-тармағының "а" – "е" тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді қамтымаған және (немесе) осы Тәртіптің 3-тармағының "д" тармақшасында көрсетілген мәліметтер күмәнді болып табылған;

д) кеден транзитінің мерзімі оны өтінішке сәйкес болжалды ұзартуды ескере отырып Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 170 шешімінің 1-тармағымен айқындалған кеден транзитінің шекті мерзімінен асқан;

е) өтінішке қағаз тасымалдағыштағы құжат түріндегі транзиттік декларация немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қоса берілмеген (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде түспеген және жөнелтуші кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылмаған жағдайда) жағдайларда кеден транзитінің мерзімін ұзартудан бас тартады.

8. Кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 6-тармағының "б" тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген мерзімде:

а) кеден органының ақпараттық жүйесіне кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы ақпаратты енгізеді;

б) кеден органының ақпараттық жүйесінде жөнелтуші кеден органына (егер өтініш жөнелтуші кеден органына түспеген жағдайда), межелі кеден органына, қызмет ету өңірлерінде кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тасылатын (тасымалданатын) тауарларды түсіру, қайта тиеу (ауыстырып тиеу), өзге де жүк операциялары және (немесе) осындай тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына, кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу кезінде (оны белгілеген жағдайда) немесе оны өзгерту кезінде айқындалған аралық кеден органдарына жіберілетін кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы хабарды қалыптастырады;

в) уәкілетті тұлғаны Кодекстің 362-бабына сәйкес кеден транзитінің мерзімін ұзарту (оның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) және кеден транзитінің мерзімі ұзартылған мерзімнің кк.аа.жж форматындағы (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) күнін көрсете отырып "Кеден транзитінің мерзімі ... дейін ұзартылды" деген белгімен және осындай белгіні кеден органы лауазымды тұлғасының қолтаңбасымен және жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырумен (егер өтінішке транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қоса берілген жағдайда) транзиттік декларацияны немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесін, сондай-ақ осы Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды (егер осы құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда) алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Уәкілетті тұлғаға осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген құжаттарды тапсыру мүмкін болмаған жағдайда тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей осы құжаттарды тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтімімен жібереді немесе оларды осы құжаттарды алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

9. Егер осы Тәртіптің 8-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған мәліметтер мен осы Тәртіптің 3 – 5-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде түзетуді жүзеге асырады.

Мұндай түзету өтініште көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімдерінің қолданылуы аяқталғанға (тоқтағанға) дейін жүзеге асырылады.

Егер өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде кеден транзитінің кедендік рәсімінің қолданылуының (тоқтатылуының) аяқталуы туралы мәліметтер болмаған жағдайда көрсетілген мәліметтер соның ішінде кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жіберу арқылы алынуы мүмкін.

Кеден органы мәліметтерді түзеткеннен кейін мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы хабардағы мәліметтердің өзгергені туралы хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 8-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

10. Егер осы Тәртіптің 8-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі мен өтініште көрсетілген транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда осындай өтініш келіп түскен кеден органы:

өзінің ақпараттық жүйесіне анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде өзгерістер енгізеді;

өзінің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып:

кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы хабардың күшін жою туралы хабарды;

кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы жаңа хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 8-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

Осы тармақты көзделген іс-әрекеттер өтініш келіп түскен кеден органында өтініште көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімдерін қолданудың аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаған жағдайда мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей орындалады.

11. Кеден транзитінің мерзімін ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 6-тармағының "б" тармақшасының бірінші абзацында көрсетілген мерзімде Кодекстің 362-бабына сәйкес кеден транзитінің мерзімін ұзартудан бас тарту (бас тарту себебін көрсете отырып) және:

кеден транзитінің мерзімін ұзартудан бас тарту (бас тарту себебін көрсете отырып) туралы белгісі бар және осындай белгіні кеден органының лауазымды тұлғасы қолтаңбамен және жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырған өтініштің көшірмесін (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда);

транзиттік декларацияны немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесін (егер өтінішке қағаз тасымалдағыштағы құжат

түріндегі транзиттік декларация немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қоса берілген жағдайда);

осы Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды (егер мұндай құжаттар қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда) алу мүмкіндігі туралы уәкілетті тұлғаны (оның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) хабардар етеді.

Уәкілетті тұлғаға осы тармақта көрсетілген құжаттарды тапсыру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктермей осы құжаттарды тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтімімен жібереді немесе оларды осы құжаттарды алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

12. Кеден органы пайдаланатын ақпараттық жүйенің техникалық ақаулардан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" желісінің) жұмысындағы бұзушылықтардан, электр энергиясын ажыратудан туындайтын бұзылуы жағдайында кеден транзитінің мерзімін ұзартуға байланысты кедендік операциялар қолда бар құралдарды, аспаптарды, сондай-ақ ресми хат-хабар алмасуды қоса алғанда, жедел байланыс арналарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Кеден органының ақпараттық жүйесінің ақауы жойылғаннан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" желісінің) жұмысқа жарамдылығы қайта қалпына келтірілгеннен, электр энергиясын беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін кеден транзитінің мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған жағдайда осындай шешім қабылдаған кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде осы Тәртіпте көзделген кедендік операцияларды жасайды."

3. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Тауарларды жеткізу орынын өзгертуге кеден органының рұқсатын алуға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 170 шешімімен
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 1 шілдедегі
№ 62 шешімі редакциясында)
БЕКІТІЛГЕН

Тауарларды жеткізу орынын өзгертуге кеден органының рұқсатын алуға байланысты кедендік операцияларды жасау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар жеткізілуі тиіс орынды (бұдан әрі – жеткізу орыны) өзгертуге кеден органының рұқсатын алуға байланысты кедендік операцияларды жасаудың дәйектілігін айқындайды.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 145-бабының 7-тармағында көзделген жағдайда жеткізу орынын өзгертуге рұқсат алу үшін тасымалдаушы өзі жүретін жолда орналасқан, жеткізу орынын өзгертуге байланысты кедендік операцияларды жасауға уәкілетті және қызмет ететін өңірде тауарлар мен көлік құралы орналасқан кез келген кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталғанға (тоқтатылғанға) дейін еркін нысанда жасалған жеткізу орынын өзгерту туралы өтінішпен (бұдан әрі – өтініш) жүгінуге құқылы.

3. Тасымалдаушы жеткізу орынын өзгертуге рұқсат алу үшін:

а) жеткізу орынын өзгерту ұйғарылған, кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналасқан тауарлар бар көлік құралын, соның ішінде көлік құралымен келген тауарларды түсірмей, тасымалдаушы өтінішпен жүгінуге ниет білдірген кеден органы қызмет ететін өңірде орналасқан кедендік бақылау аймағына орналастырады;

б) кеден органына Кодекстің 362-бабына сәйкес өтінішті және осы Тәртіптің 5-тармағында көзделген құжаттарды тапсырады.

4. Өтініш мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

а) тасымалдаушы туралы мәліметтер:

заңды тұлғаның, заңды тұлға болып табылмайтын ұйымның (бұдан әрі – ұйым) толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

салық нөмірі (бар болған жағдайда). Осы Тәртіптің мақсаттары үшін салық нөмірі деп мыналар түсіндіріледі:

Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі (СТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлға үшін қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі;

Беларусь Республикасында – төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

Қазақстан Республикасында – ұйым (филиал және өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі (БСН);

Қырғыз Республикасында – заңды тұлға немесе дара кәсіпкер үшін салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (СТСН) не Қырғыз Республикасы аумағында

коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);

Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТСН), ал заңды тұлға үшін – сонымен бірге есепке қою себебінің коды (ЕСК) (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі үшін оқшауланған бөлімшенің орналасқан жері бойынша берілген ЕСК қойылады);

заңды тұлға, ұйым орналасқан жердің не жеке тұлға тұратын жердің мекенжайы (елдің қысқаша атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (өңір, облыс, аудан және т.б.), елді мекен, көше, үйдің нөмірі, корпустың (құрылыстың) нөмірі, пәтердің (бөлменің, офистің) нөмірі;

б) оған сәйкес тауарлар бастапқы белгіленген жеткізу орынына тасылған (тасымалданған) транзиттік декларацияның немесе Кодекске сәйкес транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын өзге де құжаттардың (бұдан әрі – транзиттік декларация) тіркеу нөмірі.

Транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабы немесе АТА карнеті пайдаланылған кезде ХЖТ кітабының немесе АТА карнетінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі ;

в) жеткізу орынын өзгерту қажеттілігі шарттастырылатын мән-жайлар туралы мәліметтер (осы Тәртіптің 6-тармағына сәйкес);

г) болжалды жеткізу орыны туралы мәліметтер;

д) кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар бар көлік құралы тұрған кедендік бақылау аймағы туралы мәліметтер;

е) өтінішті қарау нәтижелері туралы тасымалдаушы үшін қолайлы хабардар ету тәсілі туралы мәліметтер (мысалы, электронды пошта, телефон арқылы және т.б., тиісті электронды пошта мекенжайын, телефон нөмірін көрсетумен).

5. Өтініш берілетін кеден органына сонымен бірге мынадай құжаттар ұсынылады:

а) оған сәйкес тауарлар бастапқы белгіленген жеткізу орынына тасылған (тасымалданған) қағаз тасымалдағыштағы құжат түріндегі транзиттік декларация (егер жөнелтуші кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда);

б) жаңа жеткізу орыны көрсетілген электрондық құжат түріндегі немесе қағаз тасымалдағыштағы құжат түріндегі транзиттік декларация және оған сәйкес тауарлар бастапқы белгіленген жеткізу орынына тасылған (тасымалданған) алдыңғы құжат ретінде транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі.

6. Жеткізу орынын өзгерту қажеттілігін шарттастыратын мән-жайлар өтінішпен бірге ұсынылатын межелі пунктті өзгерту қажеттілігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді өтініште көрсетумен расталады:

а) электрондық құжаттар немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде (егер өтініш электрондық құжат түрінде немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттың электрондық көшірмесі түрінде берілген жағдайда);

б) қағаз тасымалдағыштағы құжаттар түрінде (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда).

7. Өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш келіп түскен сәттен кеден органының 1 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей тіркеу нөмірін беру арқылы кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оны тіркейді;

б) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей, оның ішінде кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жібереді (егер өтініш жөнелтуші кеден органына келіп түспеген және өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде тиісті ақпарат болмаған жағдайда);

в) өтініш тіркелген күннен кейінгі күннен кешіктірмей, соның ішінде Кодекстің 145-бабының 2 – 6-тармақтарының ережелерін, сондай-ақ Кодекстің 150-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда өтініш берілген сәтте кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде тасымалдаушының немесе декларанттың оларға Кодекстің 150-бабының 1-тармағына сәйкес жүктелген міндеттемелерді орындамауы туралы ақпаратты ескере отырып, жеткізу орынын өзгерту туралы не жеткізу орынын өзгертуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Өтініш келіп түскен кеден органы мынадай:

а) өтініш осы Тәртіптің 2-тармағында көзделмеген кеден органына келіп түскен;

б) өтініш кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталғаннан (тоқтатылғаннан) кейін келіп түскен;

в) өтінішті тасымалдаушы бермеген;

г) өтініш осы Тәртіптің 4-тармағының "а" – "д" тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді қамтымаған;

д) өтінішпен бірге осы Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған;

е) осы Тәртіптің 6-тармағында көрсетілген, жеткізу пунктін өзгерті қажеттілігін растайтын құжаттар ұсынылмаған;

ж) жөнелтуші кеден органы Кодекстің 145-бабының 3 – 5-тармақтарына сәйкес жеткізу орыны көлік (тасымалдау) құжаттарында көрсетілген мәліметтерден тәуелсіз екенін белгілеген;

з) Кодекстің 150-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда өтініш берілген сәтте кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде

ағымдағы тасымалдау шеңберінде тасымалдаушының немесе декларанттың оларға Кодекстің 150-бабының 1-тармағына сәйкес жүктелген міндеттемелерді орындамауы белгілері анықталған жағдайларда жеткізу орынын өзгертуден бас тартады.

9. Жеткізу орынын өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 7-тармағының "в" тармақшасында көрсетілген мерзімде:

а) Кодекстің 151-бабына сәйкес оған сәйкес тауарлар бастапқы белгіленген жеткізу орнына тасылуы (тасымалдануы) тиіс болған кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтайды;

б) кеден органының ақпараттық жүйесінде жөнелтуші кеден органына (егер өтініш жөнелтуші кеден органына түспеген жағдайда), қызмет ету өңірінде бастапқы белгіленген жеткізу орыны орналасқан межелі кеден органына, қызмет ету өңірлерінде кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тасылатын (тасымалданатын) тауарларды түсіру, қайта тиеу (ауыстырып тиеу), өзге де жүк операциялары және (немесе) осындай тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына, кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу кезінде (оны белгілеген жағдайда) немесе оны өзгерту кезінде айқындалған аралық кеден органдарына, сондай-ақ кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету сертификатын тіркейтін кеден органына (егер ол транзиттік декларацияны тапсыру кезінде пайдаланылған жағдайда) жіберілетін жеткізу орынын өзгертуге байланысты кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы туралы хабарды қалыптастырады;

в) Кодекстің 362-бабына сәйкес жеткізу орынын өзгерту туралы шешім қабылданғаны туралы тасымалдаушыны хабардар етеді (соның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып);

г) тасымалдауды өтінішпен бірге берген және Кодекстің 111-бабына сәйкес болжалды жаңа жеткізу орыны туралы ақпаратты қамтитын транзиттік декларацияны тіркейді, содан кейін тауарлар Кодекстің 18 және 22-бөлімдеріне сәйкес шығарылады.

10. Егер осы Тәртіптің 9-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған мәліметтер мен осы Тәртіптің 4 – 6-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Мұндай түзету өтініште көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталғанға (тоқтатылғанға) дейін жүзеге асырылады.

Егер өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаған

жағдайда көрсетілген мәліметтер сонымен қатар жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жіберу арқылы алынуы мүмкін.

Мәліметтер түзетілгеннен кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей жеткізу орынын өзгертуге байланысты кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғаны туралы хабарда мәліметтердің өзгергені туралы хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 9-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

11. Жеткізу орынын өзгертуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 7-тармағының "в" тармақшасында көрсетілген мерзімде тасымалдаушыны Кодекстің 362-бабына сәйкес (соның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) жеткізу орынын өзгертуден бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) және:

жеткізу орынын өзгертуден бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы белгісі бар және осындай белгіні кеден органының лауазымды тұлғасы жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырған өтініштің көшірмесін (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда);

осы Тәртіптің 5 және 6-тармақтарында көрсетілген құжаттарды (егер мұндай құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда) алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Уәкілетті тұлғаға осы тармақта көрсетілген құжаттарды тапсыру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей осы құжаттарды тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтілімімен жібереді немесе оларды осы құжаттарды алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

12. Кеден органы пайдаланатын ақпараттық жүйенің техникалық ақаулардан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің) жұмысындағы бұзушылықтардан, электр энергиясын ажыратудан туындайтын бұзылуы жағдайында жеткізу орынын өзгертуге кеден органының рұқсатын алуға байланысты кедендік операциялар қолда бар құралдарды, аспаптарды, сондай-ақ ресми хат-хабар алмасуды қоса алғанда, жедел байланыс арналарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Кеден органының ақпараттық жүйесінің ақауы жойылғаннан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің) жұмысқа жарамдылығы қайта қалпына келтірілгеннен, электр энергиясын беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін жеткізу орынын өзгерту туралы шешім қабылданған жағдайда осындай шешім қабылданған

кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде осы Тәртіпте көзделген кедендік операцияларды жасайды."

4. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағы бойынша кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тасылатын (тасымалданатын) тауарларды түсіруге, қайта тиеуге (ауыстырып тиеуге) және олармен өзге де жүк операцияларына, сондай-ақ мұндай тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарын ауыстыруға кеден органының рұқсатын алуға немесе мұндай операцияларды жасау туралы кеден органын хабардар етуге байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 170 шешімімен
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 1 шілдедегі
№ 62 шешімі редакциясында)
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағы бойынша кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тасылатын (тасымалданатын) тауарларды түсіруге, қайта тиеуге (ауыстырып тиеуге) және олармен өзге де жүк операцияларына, сондай-ақ мұндай тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарын ауыстыруға кеден органының рұқсатын алуға немесе мұндай операцияларды жасау туралы кеден органын хабардар етуге байланысты кедендік операцияларды жасау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағы бойынша кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тасылатын (тасымалданатын) тауарларды түсіруге, қайта тиеуге (ауыстырып тиеуге) және өзге де жүк операцияларына, сондай-ақ осындай тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарын ауыстыруға (бұдан әрі тиісінше – рұқсат, жүк операциялары, көлік құралдарын ауыстыру) кеден органының рұқсатын алуға байланысты немесе кеден органын жүк операцияларының жасалуы және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабардар етумен кедендік операцияларды жасаудың дәйектілігін айқындайды.

2. Кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлардың декларанты немесе тасымалдаушы (егер ол декларат ретінде болмаған жағдайда) (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) рұқсат алу үшін жөнелтуші кеден органы белгілеген кеден транзиті мерзімі өткенге дейін осы Тәртіптің 1-тармағында көрсетілген және қызмет ететін өңірде оларды жасау жоспарланған кедендік операцияларды жасауға уәкілетті кеден органына Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 362-бабына сәйкес жүк операцияларын жасауға және (немесе) көлік құралдарын ауыстыруға рұқсат алу үшін өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Өтініш беру кезінде уәкілетті тұлғаның тиісті кеден органына нақты келуі және осы кеден органына көлік құралдарын және (немесе) тауарларды ұсынуы талап етілмейді.

3. Мәлімдеме мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

а) уәкілетті тұлға туралы мәліметтер:

заңды тұлғаның, заңды тұлға болып табылмайтын ұйымның (бұдан әрі – ұйым) толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

салық нөмірі (бар болған жағдайда). Осы Тәртіптің мақсаттары үшін салық нөмірі деп мыналар түсіндіріледі:

Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі (СТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлға үшін қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі;

Беларусь Республикасында – төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

Қазақстан Республикасында – ұйым (филиал және өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі (БСН);

Қырғыз Республикасында – заңды тұлға немесе дара кәсіпкер үшін салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (СТСН) не Қырғыз Республикасы аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);

Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТСН), ал заңды тұлға үшін – сонымен бірге есепке қою себебінің коды (ЕСК) (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі үшін оқшауланған бөлімшенің орналасқан жері бойынша берілген ЕСК қойылады);

заңды тұлға, ұйым орналасқан жердің не жеке тұлға тұратын жердің мекенжайы (елдің қысқаша атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (өңір, облыс, аудан және т.б.), елді мекен, көше, үйдің нөмірі, корпустың (құрылыстың) нөмірі, пәтердің (бөлменің, офистің) нөмірі;

б) транзиттік декларацияның немесе Кодекске сәйкес транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын өзге де құжаттардың (бұдан әрі – транзиттік декларация) тіркеу нөмірі

Транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабы немесе АТА карнеті пайдаланылған кезде ХЖТ кітабының немесе АТА карнетінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі ;

в) тауарларды тасуды (тасымалдауды) жүзеге асыратын заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (мұндай мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келген жағдайларды қоспағанда);

г) салынған кедендік пломбаларды және мөрлерді алып тастай отырып, жоспарланған жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру және осындай жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру қажеттілігін шарттастыратын мән-жайлар туралы мәліметтер (осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес);

д) жүк операцияларын жасаудың және (немесе) көлік құралдарын ауыстырудың болжалды орыны туралы мәліметтер;

е) жүк операцияларын жасаудан және (немесе) көлік құралдарын ауыстырудан кейін тауарларды таситын (тасымалдайтын) жаңа көлік құралдарының тіркеу нөмірлері (бар болған жағдайда);

ж) жүк операцияларын жасағаннан және (немесе) көлік құралдарын ауыстырудан кейін, соның ішінде тауарларды көліктің басқа түрінің көлік құралдарына қайта тиеуден (ауыстырып тиеуден) кейін тауарларды таситын (тасымалдайтын) заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (егер Кодекстің 83-бабының 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген тұлға не Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес 2 және одан көп көлік түрлерін пайдалана отырып тасылатын (тасымалданатын) тауарларға қатысты өкілеттігі бар және осындай тауарларды тасуды (тасымалдауды) ұйымдастыруды қамтамасыз ететін тұлғасы декларант ретінде болған жағдайда);

з) уәкілетті тұлға үшін өтінішті қарау нәтижелері туралы хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтер (мысалы, электронды пошта, телефон арқылы және т.б., тиісті электронды пошта мекенжайын, телефон нөмірін көрсетумен).

4. Егер жөнелтуші кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған және өтініш қағаз тасымалдағышта берілген жағдайда көрсетілген өтінішке сонымен бірге транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қоса беріледі.

5. Жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру қажеттілігін шарттастыратын мән-жайлар өтініште көрсетіледі және (немесе) өтініште көрсетілетін ақпараттың жалпы қолжетімді дереккөздеріне сілтемелермен (соның ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде (бұдан әрі – "Интернет" желісі) орналастырылған мәліметтерге) және (немесе) өтінішпен бірге ұсынылатын құжаттармен (соның ішінде фотографиялармен) расталады:

а) электрондық құжаттар немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың электронды көшірмелері түрінде (егер өтініш электронды құжат түрінде немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттың электронды көшірмесі түрінде жіберілген жағдайда);

б) қағаз тасымалдағыштағы құжаттар түрінде (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде жіберілген жағдайда).

6. Өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш келіп түскен сәттен бастап кеден органының 1 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей тіркеу нөмірін беру арқылы кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оны тіркейді;

б) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей:

оның ішінде кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жібереді (егер өтініш жөнелтуші кеден органына түспеген және өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде тиісті ақпарат болмаған жағдайда);

рұқсат беру туралы не рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7. Өтініш келіп түскен кеден органы мынадай:

а) өтініш осы Тәртіптің 2-тармағында көзделмеген кеден органына келіп түскен;

б) өтініш кеден органына кеден органы белгілеген кеден транзитінің мерзімі өткеннен кейін түскен;

в) өтінішті уәкілетті тұлға бермеген;

г) өтініш осы Тәртіптің 3-тармағының "а" – "е" тармақтарында көрсетілген мәліметтерді қамтымайтын;

д) өтінішке қағаз тасымалдағыштағы құжат түріндегі транзиттік декларация немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қос тіркелмеген (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде келіп түскен және жөнелтуші кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда);

е) Кодекстің 148-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда рұқсат беруден бас тартады.

8. Рұқсат беру туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы жүк операцияларын жасағанға және (немесе) көлік құралдарын ауыстырғанға дейін осы Тәртіптің 6-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген мерзімде:

а) кеден органының ақпараттық жүйесінде мынадай мәліметтерді қамтитын рұқсат беру туралы хабарды қалыптастырады:

транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі (транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабы немесе АТА канеті пайдаланылған кезде ХЖТ кітабының немесе АТА карнетінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі);

жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру шарттары (егер осындай шарттарды сақтау қажеттілігі тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып айқындалған болса);

б) уәкілетті тұлғаны Кодекстің 362-бабына сәйкес жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру шарттарын көрсете отырып (қажет болған жағдайда) рұқсат беру туралы (соның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) және кк.аа.жж форматында (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) күнін көрсете отырып "Рұқсат берілді" белгісі бар және осындай белгіні кеден органының лауазымды тұлғасы қолтаңбамен және жек

е нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырған, сондай-ақ жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру шарттарын көрсете отырып (қажет болған жағдайда), өтініштің көшірмесін алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Уәкілетті тұлғаға осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген өтініштің көшірмесін тапсыру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей оны тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтімімен жібереді немесе өтініштің осындай көшірмесін алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

9. Жүк операцияларын жасағаннан және (немесе) көлік құралдарын ауыстырғаннан кейін уәкілетті тұлға мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ олар аяқталатын сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей өтініш берілген кеден органын Кодекстің 362-бабына сәйкес оларды жасаудың аяқталуы туралы хабардар етеді.

10. Уәкілетті тұлғадан жүк операцияларын жасаудың және (немесе) көлік құралдарын ауыстырудың аяқталғаны туралы ақпарат келіп түскеннен кейін өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ уәкілетті тұлғадан оларды жасаудың аяқталғаны туралы ақпарат алғаннан кейін кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей:

а) кеден органының ақпараттық жүйесіне жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы ақпаратты енгізеді;

б) кеден органының ақпараттық жүйесінде жөнелтуші кеден органына (егер өтініш жөнелтуші кеден органына түспеген жағдайда), межелі кеден органына, қызмет ету өңірлерінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына, кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу кезінде (оны белгілеген жағдайда) немесе оны өзгерту кезінде айқындалған аралық кеден органдарына

жіберілетін жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабарды қалыптастырады;

в) жүк операциялары жасалған және (немесе) көлік құралдары ауыстырылған күнді кк.аа.жж форматында (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) көрсете отырып, транзиттік декларацияға немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесіне жүк операцияларының жасалғаны және (немесе) көлік құралдарының ауыстырылғаны, жаңадан салынған пломбалар және мөрлер (егер мұндай пломбалар мен мөрлер қолданылған жағдайда) туралы белгіні енгізеді және осындай белгіні кеден органының лауазымды тұлғасының қолтаңбасымен және жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырады (егер өтінішке транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қоса тіркелген жағдайда);

г) уәкілетті тұлғаны транзиттік декларацияға немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесіне Кодекстің 362-бабына сәйкес жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы белгі (соның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) енгізілгені және осындай транзиттік декларацияны немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесін (егер өтінішке транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаш тасымалдағыштағы көшірмесі қоса тіркелген жағдайда), сондай-ақ осы Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды (егер мұндай құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда) алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Уәкілетті тұлғаға осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген құжаттарды тапсыру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей осы құжаттарды тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтімімен жібереді немесе оларды осы құжаттарды алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

11. Егер осы Тәртіптің 10-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған мәліметтер мен осы Тәртіптің 3 – 5-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер арасында (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) айырмашылықтар анықталған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Мұндай түзету өтініште көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталғанға (тоқтатылғанға) дейін жүзеге асырылады.

Егер өтініш келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы (тоқтатылуы) туралы мәліметтер болмаған жағдайда көрсетілген мәліметтер жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің

кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жіберу арқылы алынуы мүмкін.

Мәліметтер түзетілгеннен кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабардағы мәліметтердің өзгергені туралы хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 10-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

12. Егер осы Тәртіптің 10-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі мен өтініште көрсетілген транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда осындай өтініш келіп түскен кеден органы:

өзінің ақпараттық жүйесіне анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде өзгерістер енгізеді;

өзінің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып:

жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабарды жою туралы хабарды;

жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы жаңа хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 10-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер өтініш келіп түскен кеден органында өтініште көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы (тоқтатылауы) туралы мәліметтердің болмауы талабымен мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірілмей жүгізіледі.

13. Рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 6-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген мерзімде уәкілетті тұлғаны Кодекстің 362-бабына сәйкес (соның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) рұқсат беруден бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) және:

өтініштің рұқсат беруден бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы белгісі бар және осындай белгіні кеден органының лауазымды тұлғасы қолтаңбамен және жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырған (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда) көшірмесін;

транзиттік декларацияны немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесін (егер өтінішке транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде немесе оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі қоса тіркелген жағдайда);

осы Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды (егер мұндай құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда) алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Уәкілетті тұлғаға осы тармақта көрсетілген құжаттарды тапсыру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей осы құжаттарды тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтімімен жібереді немесе осы құжаттарды алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

14. Егер жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру салынған кедендік пломбалар мен мөрлерді алып тастамай жасалуы мүмкін болған немесе егер тауарларға кедендік пломбалар мен мөрлер салынбаған жағдайда уәкілетті тұлға жөнелтуші кеден органы белгілеген кеден транзитінің мерзімі өткенге дейін осы Тәртіптің 1-тармағында көрсетілген кедендік операцияларды жасауға уәкілетті және ол қызмет ететін өңірде жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органына Кодекстің 362-бабына сәйкес жүк операцияларының жасалғаны және (немесе) көлік құралдары ауыстырылғаны туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жібереді.

Хабарламаны жіберу кезінде уәкілетті тұлғаның тиісті кеден органына нақты келуі және осы кеден органына көлік құралын және (немесе) тауарларды ұсынуы талап етілмейді.

15. Хабарлама кеден органына осы Тәртіптің 14-тармағында көрсетілген іс-әрекеттер жасалғанға дейін жіберіледі және осы Тәртіптің 3-тармағының "а" – "в", "д" – "ж" тармақшаларында көзделген мәліметтерді, сондай-ақ жоспарланатын жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

16. Егер жөнелтуші кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған жағдайда хабарлама ретінде оған енгізілген осы Тәртіптің 14-тармағында көрсетілген жоспарланған жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы мәліметтері бар оның уәкілетті тұлға куәландырған қағаз тасымалдағыштағы көшірмесі (транзиттік декларацияның қағаз тасымалдағыштағы электронды көшірмесі) пайдаланылуы мүмкін.

17. Кеден органы тауарларды кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастыру үшін осы кеден органына берілетін транзиттік декларацияда олар туралы мәліметтерді көрсету арқылы оның қызмет ету өңірінде осы Тәртіптің 14-тармағында көрсетілген жүк операцияларын және (немесе) көлік құралдарын ауыстыруды жасау жоспарланатыны туралы хабардар етілуі мүмкін. Бұл ретте көрсетілген кеден органына қосымша хабарлама жіберілмейді.

18. Хабарлама келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы, осы Тәртіптің 17-тармағында көрсетілген жағдайда қоспағанда:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ хабарлама келіп түскен сәттен бастап кеден органының 1 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей тіркеу нөмірін беру арқылы кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оны тіркейді;

б) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ хабарлама тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей осы Тәртіптің 10-тармағының "а" және "б" тармақшаларында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

19. Егер осы Тәртіптің 10-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған мәліметтер мен құжаттар және (немесе) хабарламада қамтылған мәліметтер (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда хабарлама келіп түскен кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Мұндай түзету хабарламада көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталғанға (тоқтатылғанға) дейін жүзеге асырылады.

Егер хабарлама келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаған жағдайда көрсетілген мәліметтер соның ішінде жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрай салуды жіберу арқылы алынуы мүмкін.

Мәліметтер түзетілгеннен кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабарда мәліметтердің өзгергені туралы хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 10-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

20. Егер осы Тәртіптің 10-тармақтың "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі мен хабарламада көрсетілген транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда осындай хабарлама келіп түскен кеден органы:

өзінің ақпараттық жүйесіне анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде өзгерістер енгізеді;

өзінің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып:

жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабарды жою туралы хабарды;

жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы жаңа хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 10-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер хабарлама келіп түскен кеден органында хабарламада көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмауы талабымен мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірілмей жүргізіледі.

21. Кеден органы пайдаланатын ақпараттық жүйенің техникалық ақаулардан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" желісінің) жұмысындағы бұзушылықтардан, электр энергиясын ажыратудан туындайтын бұзылуы жағдайында рұқсат беруге немесе хабарлама жіберуге байланысты кедендік операциялар қолда бар құралдарды, сондай-ақ ресми хат-хабар алмасуды қоса алғанда, жедел байланыс арналарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Кеден органының ақпараттық жүйесінің ақауы жойылғаннан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" желісінің) жұмысқа жарамдылығы қайта қалпына келтірілгеннен, электр энергиясын беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін рұқсат беру туралы шешім қабылданған немесе хабарлама алынған жағдайда рұқсат беру туралы шешім қабылданған немесе хабарлама алынған кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде осы Тәртіпте көзделген кедендік операцияларды жасайды."

5. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқылы және (немесе) теңізбен Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының басқа бөлігіне тасылатын (тасымалданатын) Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын түсіруді, қайта тиеуді (ауыстырып тиеуді) және өзге де жүк операцияларын жүзеге асыруға кеден органының рұқсатын алуға, сондай-ақ Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарында осындай тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарын ауыстыруға немесе осындай операцияларды жасау туралы кеден органын хабардар етуге байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 170 шешімімен
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 1 шілдедегі
№ 62 шешімі редакциясында)
БЕКІТІЛГЕН

Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқылы және (немесе) теңізбен Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының басқа бөлігіне тасылатын (тасымалданатын) Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын

түсіруді, қайта тиеуді (ауыстырып тиеуді) және өзге де жүк операцияларын жүзеге асыруға кеден органының рұқсатын алуға, сондай-ақ Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарында осындай тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарын ауыстыруға немесе осындай операцияларды жасау туралы кеден органын хабардар етуге байланысты кедендік операцияларды жасау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары арқылы және (немесе) теңізбен Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының басқа бөлігіне тасылатын (тасымалданатын) Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) тауарларын түсіруді, қайта тиеуді (ауыстырып тиеуді) және өзге де жүк операцияларын жүзеге асыруға кеден органының рұқсатын алуға, сондай-ақ Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарында осындай тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарын ауыстыруға (бұдан әрі тиісінше – рұқсат беру, жүк операциялары, көлік құралдарын ауыстыру) немесе жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы кеден органын хабардар етуге байланысты кедендік операцияларды жасау дәйектілігін айқындайды.

2. Көліктің бір түрінің көлік құралынан көліктің басқа түрінің көлік құралына Одақтың тауарларын қайта тиеуді (ауыстырып тиеуді) жүзеге асырған жағдайда көлік құралдарының жүк тиейтін орынжайларына (бөліктеріне) салынған кедендік пломбалар мен мөрлерді алып тастауға не көлік (тасымалдау) және коммерциялық құжаттарды ауыстыруға рұқсат алу үшін кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлардың декларанты болатын тұлға немесе аталған тұлғаның (бұдан әрі – тұлға) атынан және оның тапсырмасы бойынша кедендік операцияларды жасайтын кеден өкілі кедендік декларацияны тапсырғанға дейін жөнелтуші кеден органына Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 362-бабына сәйкес өтініш (бұдан әрі тиісінде – өтініш, Кодекс) береді.

Өтініш беру кезінді тұлғаның тиісті кеден органына нақты келуі және осы кеден органына көлік құралын және (немесе) тауарларды ұсыну талап етілмейді.

3. Өтініш мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

а) декларант туралы мәліметтер:

заңды тұлғаның, заңды тұлға болып табылмайтын ұйымның (бұдан әрі – ұйым) толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

салық нөмірі (бар болған жағдайда). Осы Тәртіптің мақсаттары үшін салық нөмірі деп мыналар түсіндіріледі:

Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі (СТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлға үшін қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі;

Беларусь Республикасында – төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

Қазақстан Республикасында – ұйым (филиал және өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі (БСН);

Қырғыз Республикасында – заңды тұлға немесе дара кәсіпкер үшін салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (СТСН) не Қырғыз Республикасы аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);

Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТСН), ал заңды тұлға үшін – сонымен бірге есепке қою себебінің коды (ЕСК) (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі үшін оқшауланған бөлімшенің орналасқан жері бойынша берілген ЕСК қойылады);

заңды тұлға, ұйым орналасқан жердің не жеке тұлға тұратын жердің мекенжайы (елдің қысқаша атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (өңір, облыс, аудан және т.б.), елді мекен, көше, үйдің нөмірі, корпустың (құрылыстың) нөмірі, пәтердің (бөлменің, офистің) нөмірі);

б) тасу (тасымалдау) болжанған тауарлардың атауы (сипаттамасыз);

в) тауарларды тасуды (тасымалдауды) жүзеге асыру болжанған көлік құралы туралы мәліметтер (атауы (маркасы, моделі) және (немесе) көлік түріне қарай тіркеу (сәйкестендіру) нөмірі);

г) тауарларды тасуды (тасымалдауды) жүзеге асыратын заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (егер мұндай мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келген жағдайларды қоспағанда);

д) салынған кедендік пломбалар мен мөрлерді алып тастай отырып, жоспарланған жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы мәліметтер;

е) жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру болжанған орын туралы мәліметтер;

ж) тауарларды қайта тиеу (ауыстырып тиеу) жүзеге асырылатын болжалды көлік құралы туралы мәліметтер (атауы (маркасы, моделі) және (немесе) көлік түріне қарай тіркеу (сәйкестендіру) нөмірі – тауарларды болжалды қайта тиеу (ауыстырып тиеу) жағдайында;

з) тауарларды жөнелтуші орналасқан мемлекет пен елді мекенді және тауарларды алушы орналасқан мемлекет пен елді мекенді қоса алғанда, көлік (тасымалдау) құжаттарына (олар бар болған жағдайда) сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау)

маршруты не тауарларды тасудың (тасымалдаудың) болжалды маршруты туралы мәліметтер;

и) тауарларды қайта тиеу (ауыстырып тиеу) жүзеге асырылғаннан кейін тауарларды таситын (тасымалдайтын) заңды тұлғаның, ұйымның атауы немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (егер декларант Кодекстің 83-бабының 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген тұлға не осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес 2 және одан көп көлік түрін пайдалана отырып тасылатын (тасымалданатын) тауарларға қатысты өкілеттікті иеленетін және осындай тауарларды тасуды (тасымалдауды) ұйымдастыруды қамтамасыз ететін Одаққа мүше мемлекеттің тұлғасы болған жағдайда (осындай мәліметтер болған жағдайда) (егер мұндай мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келген жағдайларды қоспағанда);

к) жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру қажеттілігін шарттастыратын мән-жайлар туралы мәліметтер (міндетті емес);

л) тұлға үшін өтінішті қарау нәтижелері туралы хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтер (мысалы, электронды пошта, телефон арқылы және т.б., тиісті электронды пошта мекенжайын, телефон нөмірін көрсетумен).

4. Егер өтініште жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру қажеттілігін шарттастыратын мән-жайлар көрсетілген жағдайда мұндай мән-жайлар өтініште көрсетілетін жалпы қолжетімді ақпарат дереккөздеріне (оның ішінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде (бұдан әрі – "Интернет" желісі) орналастырылған мәліметтерге) сілтемелермен және (бар болған жағдайда):

а) электрондық құжаттар немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың электронды көшірмелерін түрінде (егер өтініш электронды құжат түрінде немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттың электронды көшірмесі түрінде жіберілген жағдайда);

б) қағаз тасымалдағыштағы құжаттар түрінде (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде жіберілген жағдайда) өтінішпен бірге ұсынылған құжаттармен (оның ішінде фотографиялармен) расталуы мүмкін.

5. Өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш келіп түскен сәттен бастап кеден органының 1 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей тіркеу нөмірін беру арқылы кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оны тіркейді;

б) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ өтініш тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей рұқсат беру туралы не рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

6. Өтініш келіп түскен кеден органы мынадай:

а) өтініш болжалды жөнелтуші кеден органы болып табылмайтын кеден органына келіп түскен;

б) өтінішті уәкілетті емес тұлға берген;

в) өтініш осы Тәртіптің 3-тармағының "а" – "и" тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді қамтымайтын (осы Тәртіптің 14-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда);

г) бас тарту тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижелері негізінде жүзеге асырылған жағдайларда рұқсат беруден бас тартады.

7. Рұқсат беру туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 5-тармағының "б" тармағында көрсетілген мерзімде:

а) кеден органының ақпараттық жүйесіне жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы ақпаратты енгізеді;

б) кеден органының ақпараттық жүйесінде межелі кеден органына жіберілетін рұқсат беру туралы ақпаратты қалыптастырады;

в) тұлғаны Кодекстің 362-бабына сәйкес өтініштің тіркеу нөмірін көрсете отырып рұқсат беру және кк.аа.жж форматында (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) күнін көрсете отырып, "Рұқсат берілді" белгісі бар өтініштің көшірмесін, сондай-ақ осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген құжаттарды алу мүмкіндігі туралы (оның ішінде өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) хабардар етеді.

Тұлғаға осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген құжаттарды тапсыру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей осы құжаттарды тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтімімен жібереді немесе оларды алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

8. Одақтың тауарларын кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастыру кезінде оларды Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары және (немесе) теңіз арқылы тасу (тасымалдау) үшін және декларантта осындай тауарларға қатысты рұқсаты болған кезде өтініштің тіркеу нөмірі туралы мәліметтер транзиттік декларацияда көрсетіледі.

9. Рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 5-тармағының "б" тармағында көрсетілген мерзімде тұлғаны Кодекстің 362-бабына сәйкес (өтініште көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) рұқсат беруден бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) және бас тарту туралы белгісі бар (бас тарту себептерін көрсете отырып) және осындай белгілі кеден органының лауазымды тұлғасының қолтаңбасымен және жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырылған өтініштің көшірмесін (егер өтініш қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда), сондай-ақ осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген құжаттарды (егер мұндай құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда) алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді.

Тұлғаға осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген құжаттарды тапсыру мүмкін болмаған жағдайда кеден органы тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей осы құжаттарды тапсыру туралы хабарламамен тапсырысты пошта жөнелтімімен жібереді немесе оларды осы құжаттарды алу фактісін растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен тапсырады.

10. Егер жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру салынған кедендік пломбалар мен мөрлерді алып тастамай жасалатын болса немесе егер тауарларға кедендік пломбалар мен мөрлер салынбаған болса, тұлға немесе тасымалдаушы (егер ол декларант болмаған жағдайда) жөнелтуші кеден органына және межелі кеден органына Кодекстің 362-бабына сәйкес жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жібереді .

Хабарлама жіберу кезінде декларанттың немесе тасымалдаушының тиісті кеден органына нақты келуі және осы кеден органына көлік құралын және (немесе) тауарларды ұсынуы талап етілмейді.

11. Хабарлама кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар және көлік құралдары Одақтың кедендік аумағына келгенге дейін жіберіледі және мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

а) декларант туралы мәліметтер:

заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

салық нөмірі (бар болған жағдайда);

б) транзиттік декларацияның немесе Кодекске сәйкес транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын өзге де құжаттардың (бұдан әрі – транзиттік декларация) тіркеу нөмірі .

Транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабы немесе АТА карнеті пайдаланылған кезде ХЖТ кітабының немесе АТА карнетінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі ;

в) тауарларды тасуды (тасымалдауды) жүзеге асыратын заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (егер мұндай мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келген жағдайларды қоспағанда);

г) жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы мәліметтер;

д) жүк операцияларын жасаудың және (немесе) көлік құралдарын ауыстырудың болжалды орыны туралы мәліметтер;

е) тауарларды қайта тиеуді (ауыстырып тиеуді) жүзеге асырғаннан кейін тауарларды таситын (тасымалдайтын) заңды тұлғаның, ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (егер декларант Кодекстің 83-бабының 1-тармағының 1-тармақшасында

көрсетілген тұлға не осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес 2 және одан көп көлік түрін пайдалана отырып тасылатын (тасымалданатын) тауарларға қатысты өкілеттікті иеленетін және осындай тауарларды тасуды (тасымалдауды) ұйымдастыруды қамтамасыз ететін Одаққа мүше мемлекеттің тұлғасы болған жағдайда (осындай мәліметтер болған жағдайда) (егер мұндай мәліметтер осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келген жағдайларды қоспағанда).

12. Хабарлама келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ хабарлама келіп түскен сәттен бастап кеден органының 1 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей тіркеу нөмірін беру арқылы кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оны тіркейді;

б) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ хабарлама тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей кеден органының ақпараттық жүйесіне жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы ақпаратты енгізеді.

13. Одақтың тауарларын Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары және (немесе) теңіз арқылы тасу (тасымалдау) кезінде жүк операцияларын жасауға және (немесе) көлік құралдарын ауыстыруға басты рұқсат (бұдан әрі – басты рұқсат) алуға не мынадай талаптарды бір мезгілде сақтаған кезде жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы басты хабарламаны (бұдан әрі – басты хабарлама) жіберуге жол беріледі:

Одақтың ұқсас тауарлары тасылады (тасымалданады);

Одақтың тауарларын тасу (тасымалдау) бір жөнелтушіден бір алушының мекенжайына жүзеге асырылады;

Одақтың тауарларын тасу (тасымалдау) кезінде олар жасалған белгілі бір жерде белгілі бір жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру болжанады.

Басты рұқсаттың және басты хабарламаның қолданылу кезеңі олар алынған күннен бастап 1 күнтізбелік жылдан аспауы тиіс.

14. Басты рұқсатты алу үшін тұлға жөнелтуші кеден органына осы Тәртіптің 2 – 4-тармақтарына сәйкес өтінішті (Одақтың тауарларын тасуды (тасымалдауды) жүзеге асырудың болжалды кезеңін көрсете отырып) жібереді. Бұл ретте мұндай өтініш осы Тәртіптің 3-тармағының "г", "д", "ж", "к" және "л" тармақшаларында көзделген мәліметтерді қамтымауы мүмкін.

15. Басты рұқсатты алу үшін өтініш келіп түскеннен кейін осындай өтініш келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 5 – 7 және 9-тармақтарына сәйкес кедендік операцияларды жасайды.

16. Басты рұқсат туралы мәліметтерді (нөмірі және жасалған күні) декларант олардың негізінде Одақтың тауарларын тасу (тасымалдау) жүзеге асырылатын транзиттік декларацияларда көрсетеді.

17. Тұлға жөнелтуші кеден органына және межелі кеден органына Одақтың тауарларын тасу (тасымалдау) басталғанға дейін осы Тәртіптің 10 және 11-тармақтарын ескере отырып, Кодекстің 362-бабына сәйкес басты хабарламаны жіберуі мүмкін. Бұл ретте мұндай басты хабарлама осы Тәртіптің 11-тармағының "б" – "г" және "е" тармақшаларында көзделген мәліметтерді қамтымауы мүмкін.

18. Басты хабарлама келіп түскеннен кейін осындай хабарлама келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 12-тармағына сәйкес кедендік операцияларды жасайды.

19. Басты хабарлама туралы мәліметтерді (нөмірі және жасалған күні) декларант олардың негізінде Одақтың тауарларын тасу (тасымалдау) жүзеге асырылатын транзиттік декларацияларда көрсетеді.

20. Кеден органы пайдаланатын ақпараттық жүйенің техникалық ақаулардан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" желісінің) жұмысындағы бұзушылықтардан, электр энергиясын ажыратудан туындайтын бұзылуы жағдайында рұқсат беруге немесе хабарламаға байланысты кедендік операциялар қолда бар құралдарды, аспаптарды, сондай-ақ ресми хат-хабар алмасуды қоса алғанда, жедел байланыс арналарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Ақпараттық жүйенің ақауы жойылғаннан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және "Интернет" желісінің) жұмысқа жарамдылығы қайта қалпына келтірілгеннен, электр энергиясын беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін шешім қабылданған немесе хабарлама алынған жағдайда рұқсат беру туралы шешім қабылданған немесе хабарлама алынған кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде осы Тәртіпте көзделген кедендік операцияларды жасайды."

6. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде туындаған авариялар, тосын күштің әсері кезінде немесе өзге де мән-жайларда кедендік операцияларды жасау тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 170 шешімімен
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 1 шілдедегі
№ 62 шешімі редакциясында)
БЕКІТІЛГЕН

Кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде туындаған авариялар, тосын күштің әсері кезінде немесе өзге де мән-жайларда кедендік операцияларды жасау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде (соның ішінде тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының басқа бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы тасу (тасымалдау) кезінде) туындайтын және тасымалдаушының Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 150-бабында көзделген оның міндеттерін орындауға кедергі келтіретін авариялар, тосын күштің әсері немесе өзге де мән-жайлар (бұдан әрі тиісінше – тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар, Кодекс) кезінде кедендік операцияларды жасаудың дәйектілігін айқындайды.

2. Тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған кезде тасымалдаушы кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды (бұдан әрі – тауарлар) және тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралдарын сақтауды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылданғаннан кейін тез арада Кодекстің 362-бабына сәйкес:

а) тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған кезде кедендік операцияларды жасауға уәкілетті Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) жақын тұрған кеден органын – осындай мән-жайлар Одақтың кедендік аумағынан тыс туындаған кезде;

б) тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған кезде кедендік операцияларды жасауға уәкілетті және қызмет ету өңірінде көрсетілген тауарлар мен көлік құралы бар мүше мемлекеттің жақын тұрған кеден органын – Одақтың кедендік аумағында осындай мән-жайлар туындаған кезде хабардар етеді.

3. Осы Тәртіптің 2-тармағында көзделген хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

а) тасымалдаушы туралы мәліметтер:

заңды тұлғаның, заңды тұлға болып табылмайтын ұйымның толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы не жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

салық нөмірі (бар болған жағдайда). Осы Тәртіптің мақсаттары үшін салық нөмірі деп мыналар түсіндіріледі:

Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі (СТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлға үшін қоғамдық көрсетілетін қызметтердің нөмірлік белгісі (ҚҚНБ) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі;

Беларусь Республикасында – төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН) (дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаны қоспағанда) не жеке тұлғаның сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

Қазақстан Республикасында – ұйым (филиал, өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) не жеке тұлға үшін, оның ішінде қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) не шетелдік жеке тұлға үшін бірегей сәйкестендіру нөмірі (БСН);

Қырғыз Республикасында – заңды тұлға немесе дара кәсіпкер үшін салық төлеушінің сәйкестендіру салық нөмірі (СТСН) не Қырғыз Республикасы аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асыратын және дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға үшін дербес сәйкестендіру нөмірі (ДСН);

Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТСН), ал заңды тұлға үшін – сонымен бірге есепке қою себебінің коды (ЕСК) (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесі үшін оқшауланған бөлімшенің орналасқан жері бойынша берілген ЕСК қойылады);

заңды тұлға, заңды тұлға болып табылмайтын ұйым орналасқан жердің не жеке тұлға тұратын жердің мекенжайы (елдің қысқаша атауы, әкімшілік-аумақтық бірлік (өңір, облыс, аудан және т.б.), елді мекен, көше, үйдің нөмірі, корпустың (құрылыстың) нөмірі, пәтердің (бөлменің, офистің) нөмірі;

б) транзиттік декларацияның немесе Кодекске сәйкес транзиттік декларация ретінде (бұдан әрі – транзиттік декларация) пайдаланылатын өзге де құжаттардың тіркеу нөмірі

Транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабы немесе АТА карнеті пайдаланылған кезде ХЖТ кітабының немесе АТА карнетінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі ;

в) тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы мәліметтер;

г) тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындайтын орын және тауарлар орналасқан жер туралы мәліметтер;

д) тауарларды түсіру, қайта тиеу (ауыстырып тиеу) немесе өзге де жүк операцияларын жасау және (немесе) тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын ауыстыру қажеттілігі (қажеттіліктің болмауы) туралы мәліметтер;

е) хабарлама жіберген тасымалдаушы үшін хабарламаны қарау нәтижелері туралы хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтер (мысалы, электронды пошта, телефон арқылы және т.б., тиісті электронды пошта мекенжайын, телефон нөмірін көрсетумен).

4. Хабарлама келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ хабарлама келіп түскен сәттен бастап кеден органының 1 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей:

тіркеу нөмірін беру арқылы кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, оны тіркейді;

соның ішінде кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жібереді (егер хабарлама жөнелтуші кеден органына келіп түспеген және хабарлама келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде мұндай ақпарат болмаған жағдайда);

б) тауарларды Одақтың кедендік аумағы бойынша тасу (тасымалдау) кезінде мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ хабарлама тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей Кодекстің 362-бабына сәйкес (соның ішінде хабарламада көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) тасымалдаушыны хабарламаның тіркелгені туралы хабардар етеді және кедендік бақылау аймағын немесе тауарларды тасу (тасымалдау) немесе оларды тасуды (тасымалдауды) қамтамасыз ету (егер көлік құралы зақымданған жағдайда) қажет өзге орынды көрсетеді, ал осы Тәртіптің 5-тармағының екінші абзацында көрсетілген жағдайда – тасымалдаушының міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған орынға осы кеден органының лауазымды тұлғасы келіп жететін мерзімді көрсетеді;

в) тауарларды Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының басқа бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы және (немесе) теңіз арқылы тасу (тасымалдау) кезінде мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ хабарлама тіркелген сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей Кодекстің 362-бабына сәйкес (соның ішінде хабарламада көрсетілген хабардар етудің қолайлы тәсілі туралы мәліметтерді ескере отырып) тасымалдаушыны хабарламаның тіркелгені туралы хабардар етеді.

5. Тауарларды және тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралын тасымалдаушы кеден органы көрсеткен орынға тасиды (тасымалдайды).

Егер тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған кезде тасымалдаушы тауарларды, соның ішінде оларды жоюға байланысты, кеден органы көрсеткен орынға жеткізе алмаған жағдайда, хабарлама келіп түскен кеден органы осы Тәртіптің 4-тармағының "б" тармақшасында белгіленген мерзімде осы кеден органының лауазымды тұлғасының

қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасуға (тасымалдауға) кедергі келтіретін авариялар, тосын күштің әсері немесе өзге де мән-жайлар туралы акті (бұдан әрі – авария туралы акт) жасау немесе транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабы пайдаланылған жағдайда ХЖТ кітабында қамтылған жол-көлік оқиғалары туралы хаттаманы толтыру (тауарларды Одақтың кедендік аумағының бір бөлігінен Одақтың кедендік аумағының басқа бөлігіне Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтары және (немесе) теңіз арқылы тасу

(тасымалдау) жағдайларын қоспағанда) үшін тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған орынға келуін қамтамасыз етуге міндетті.

6. Тауарларды және тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралын осы Тәртіптің 4-тармағының "б" тармақшасына сәйкес кеден органы көрсеткен орынға тасудан (тасымалдаудан) кейін немесе хабарлама келіп түскен кеден органының лауазымды тұлғасы тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған орынға келіп жеткеннен кейін тасымалдаушы көрсетілген кеден органына немесе көрсетілген лауазымды тұлғаға:

егер мұндай тауарлар мен көлік құралы кедендік бақылау аймағында орналасқан жағдайда кедендік бақылау аймағы туралы мәліметтерді (қойма, алаң, үй-жай немесе кедендік бақылау аймағы болып табылатын өзге де аумақ тиесілі болатын ұйымның атауы, оның орналасқан жері (мекенжайы), тіркеу нөмірі (бар болған жағдайда);

қолда бар, соның ішінде мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарында көзделген, кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасуды (тасымалдауды) растайтын көлік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды ұсынады.

Тасымалдаушының міндеттерін орындауына кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы фактісін растау үшін тасымалдаушы сонымен бірге мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарында, Одақ органдарының актілерінде және (немесе) мүше мемлекеттердің немесе аумағында осындай мән-жайлар туындаған Одаққа мүше болып табылмайтын өзге мемлекеттің заңнамасында көзделген құжаттарды ұсынуы мүмкін.

Осы тармақта көрсетілген мәліметтер мен құжаттар электронды құжаттар немесе қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың электронды көшірмелері түрінде не қағаз тасымалдағыштағы құжаттар түрінде ұсынылады.

Егер жөнелтуші кеден органына транзиттік декларация қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілген жағдайда тасымалдаушы сонымен бірге транзиттік декларацияны қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынады.

7. Тасымалдаушы хабарлама келіп түскен кеден органына немесе осы кеден органының тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған орынға келіп жеткен лауазымды тұлғасына осы Тәртіптің 6-тармағында көрсетілген мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсынғаннан кейін осы кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) тасымалдаушы осы Тәртіптің 6-тармағына сәйкес ұсынған мәліметтерге және (немесе) құжаттарға, тауарларға және тауарларды таситын (тасымалдайтын) көлік құралына қатысты кедендік бақылауды жүргізеді;

б) авария туралы актіні 3 данада жасайды, олардың біреуі тасымалдаушыға беріледі, екіншісі кейіннен жөнелтуші кеден органына жіберіледі (егер хабарлама жөнелтуші

кеден органына келіп түспеген жағдайда), ал үшіншісі лауазымды тұлға көрсетілген актіні жасаған кеден органының істерінде қалады.

Тауарларды транзиттік декларация ретінде ХЖТ кітабын пайдалана отырып тасу (тасымалдау) кезінде ХЖТ кітабында қамтылған жол-көлік оқиғалары туралы хаттама толтырылады, оның көшірмесі жөнелтуші кеден органына жіберіледі (егер хабарлама жөнелтуші кеден органына келіп түспеген жағдайда);

в) кеден органының ақпараттық жүйесіне тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы ақпаратты енгізеді;

г) мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ авария туралы акті жасалған немесе ХЖТ кітабында қамтылған жол-көлік оқиғалары туралы хаттама толтырылған күннен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірмей жөнелтуші кеден органына (егер хабарлама жөнелтуші кеден органына келіп түспеген жағдайда), межелі кеден органына (егер хабарлама межелі кеден органына келіп түспеген жағдайда), сондай-ақ қызмет ету өңірлерінде тауарларды түсіру, қайта тиеу (ауыстырып тиеу), өзге де жүк операциялары және (немесе) тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына, кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу кезінде (оны белгілеген жағдайда) немесе оны өзгерту кезінде айқындалған аралық кеден органдарына жіберілетін кеден органының ақпараттық жүйесінде тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы хабарды қалыптастырады.

8. Егер осы Тәртіптің 7-тармағының "г" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған мәліметтер мен осы Тәртіптің 3 және 6-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер арасында (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) айырмашылықтар анықталған жағдайда хабарлама келіп түскен кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Мұндай түзету хабарламада көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталғанға (тоқтатылғанға) дейін жүзеге асырылады.

Егер хабарлама келіп түскен кеден органының ақпараттық жүйесінде кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтер болмаған жағдайда көрсетілген мәліметтерді соның ішінде жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жіберу арқылы алуға болады.

Мәліметтер түзетілгеннен кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей тасымалдаушының міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 7-тармағының "г" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

9. Егер осы Тәртіптің 7-тармағының "г" тармақшасында көзделген хабарды жібергеннен кейін осы хабарда қамтылған транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі мен хабарламада көрсетілген транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда хабарлама келіп түскен кеден органы:

өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде өзгерістер енгізеді;

өзінің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып:

тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы хабарды жою туралы хабарды;

тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы жаңа хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 7-тармағының "г" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер хабарлама келіп түскен кеден органында хабарламада көрсетілген транзиттік декларация бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғаны (тоқтатылғаны) туралы мәліметтердің болмауы талабымен мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей жүргізіледі.

10. Кедендік бақылауды жүргізгеннен кейін кеден органының лауазымды тұлғалары қажет болған жағдайда тауарлар жөнелтуші кеден органынан межелі кеден органына жеткізілуі тиіс мерзімді ұзартумен, тауарлар жеткізілуі тиіс орынды өзгертумен, тауарларды түсірумен, қайта тиеумен (ауыстырып тиеумен) және өзге жүк операцияларымен, сондай-ақ тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын ауыстырумен және кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуымен байланысты кедендік операцияларды жасайды.

11. Кеден органы пайдаланатын ақпараттық жүйенің техникалық ақаулардан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" желісінің) жұмысындағы бұзушылықтардан, электр энергиясын ажыратудан туындайтын бұзылуы жағдайында тасымалдаушының міндеттерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауымен байланысты кедендік операциялар қолда бар құралдарды, аспаптарды, сондай-ақ ресми хат-хабар алмасулы қоса алғанда, жедел байланыс арналарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Кеден органының ақпараттық жүйесінің ақауы жойылғаннан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің) жұмысқа жарамдылығы қайта қалпына келтірілгеннен, электр энергиясын беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде осы Тәртіпте көзделген кедендік операцияларды жасайды.

(тасымалдау) кезінде туындаған
авариялар, тосын күштің әсері
кезінде немесе өзге де мән-
жайларда кедендік
операцияларды жасау тәртібіне
ҚОСЫМША

(нысан)

**Кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасуға (тасымалдауға) кедергі
келтіретін авариялар, тосын күштің әсері немесе өзге де мән-жайлар туралы АКТ**

1. Актінің тіркеу нөмірі		2. Транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі	
3. Жөнелтуші кеден органының атауы		4. Межелі кеден органының атауы	
5. Халықаралық тасымалдау көлік құралының нөмірі (автокөлік құралдарының тіркеу нөмірлері, теміржол вагондарының (платформалардың, цистерналардың және т.б.) нөмірлері), су көліктерінің атаулары, рейстердің нөмірлері		6. Тасымалдаушы туралы мәліметтер (толық немесе қысқаша (қысқартылған) атауы, салық нөмірі (бар болған жағдайда), тасымалдаушының орналасқан жері және (егер тауар тек автомобиль көлігімен тасымалданатын болса) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), халықаралық тасымалдау көлік құралы жүргізушісінің тұрғылықты жері)	
7. Сәйкестендіру құралдары ☐ зақымданған ☐ зақымданбаған		8. Халықаралық тасымалдау көлік құралының жүк бөлігі ☐ зақымданған ☐ зақымданбаған	
9. Көлік (тасымалдау) құжаттарына сәйкес тауарлар ☐ визуальды орнында ☐ жоқ немесе жойылған			
10. Жүк орындарының түрі мен нөмірі	11. Тауардың саны және қысқаша атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды кемінде алғашқы 6 белгі деңгейінде	12. Тауарлар жоқ немесе жойылған	13. Жоқ немесе жойылған тауарлардың саны
14. Кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарлардың одан әрі орнын ауыстыру үшін қабылданған шаралар: ☐ тауарларды түсіру, қайта тиеу (ауыстырып тиеу) (халықаралық тасымалдау көлік құралының нөмірі (автокөлік құралдарының тіркеу нөмірлері, контейнерлердің, теміржол вагондарының (платформалардың, цистерналардың және т.б.) нөмірлері), су көліктерінің атаулары, рейстердің нөмірлері _____ ☐ жаңа сәйкестендіру құралдарын салу _____ ☐			

өзгелері _____ Кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды одан әрі тасу (тасымалдау) мынадай себепті мүмкін емес _____ (себебі көрсетіледі, мысалы: кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы, барлық тауарлардың жойылуы және т.б.) 15. Акт жасалды _____ (акт жасалған орын және актіні жасаған кеден органының атауы, күні, жеке нөмірлі мөр, кеден органының уәкілетті лауазымды тұлғасының қолы) _____ 16. Қосымша (тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде туындаған авариялар, тосын күштің әсері немесе өзге де мән-жайлар туралы куәландыратын құжаттар не олардың көшірмелері, кедендік қарап тексеру (кедендік тексеру) актісінің нөмірі) (бар болған жағдайда) 17. Ескертулер
--

Ескертулер: 1. 2-графада транзиттік декларацияның немесе Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне сәйкес транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын өзге де құжаттардың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

2. 9-графада көлік (тасымалдау) құжаттарына сәйкес тауарлар туралы мәліметтер көрсетіледі (тиісті өрісте белгі қойылады).

3. 10 – 13 графалар тек жоқ немесе жойылған тауарларға қатысты ғана толтырылады (12-графада тиісінше "О" немесе "У" әріпі көрсетіледі). Егер тауарлардың болмауы немесе жойылғаны анықталмаса, көрсетілген графалар толтырылмайды.

4. 11-графада жоқ немесе жойылған тауарларды сәйкестендіру мақсатында оны көрсту мүмкіндігі болған жағдайда ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарды коды алғашқы алты белгі деңгейінде көрсетіледі.

5. 14-графада:

тиісті өрісте жаңа сәйкестендіру құралдарын салу туралы белгі қойылады, сондай-ақ олардың түрі, саны мен нөмірлері көрсетіледі;

кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды одан әрі тасу (тасымалдау) үшін қабылданған өзге шаралар көрсетіледі.

6. 17-графада өзге графаларда көрсетілмеген кез келген маңызды ақпарат көрсетіледі (актіні жасаған кеден органының уәкілетті лауазымды тұлғасының қалауы бойынша).".

7. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуына және тоқтатылуына байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 170 шешімімен
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының

Кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуына және тоқтатылуына байланысты кедендік операцияларды жасау ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуымен және тоқтатылуымен байланысты кедендік операцияларды жасау дәйектілігін айқындайды.

2. Егер мұндай тауарлар кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар жеткізілуі тиіс орынға (бұдан әрі – жеткізу орыны) келіп жетсе және мұндай тауарларға қатысты кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану тоқтатылмаған болса, тауарларды тасуға (тасымалдауға) қатысты кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталады.

3. Егер кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде жеткізу орнына тауарлардың тек бөлігі ғана жеткізілген жағдайда тауарлардың осы бөлігіне қатысты кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдану аяқталады.

4. Кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау үшін тасымалдаушы не, егер бұл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекет, Одақ) кедендік реттеу туралы заңнамасында көзделген болса, кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлар декларанты межелі кеден органына Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 151-бабының 3-тармағына сәйкес:

а) жөнелтуші кеден органының кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды шығару туралы белгісі бар транзиттік декларацияны немесе Кодекске сәйкес транзиттік декларация ретінде (бұдан әрі – транзиттік декларация) пайдаланылатын өзге де құжаттарды (егер транзиттік декларация жөнелтуші кеден органына қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған жағдайда);

б) транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі туралы мәліметтерді (егер транзиттік декларация жөнелтуші кеден органына электроды құжат түрінде ұсынылған жағдайда);

в) қолда бар, соның ішінде мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарында көзделген, жөнелтуші кеден органы сәйкестендірген көлік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттарды ұсынады.

5. Межелі кеден органына осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген мәліметтер және (немесе) құжаттар ұсынылғаннан және олар Кодекстің 151-бабының 6-тармағына сәйкес тіркелгеннен кейін межелі кеден органының лауазымды тұлғасы Кодекстің 151-бабының 7 және 8-тармақтарында көзделген мерзімде

соның ішінде кедендік бақылауды жүргізу нәтижелері бойынша келген тауарлардың қандайда бір себептер бойынша оған сәйкес тауарлар жеткізу орнына келген транзиттік декларацияда көрсетілген тауарлар туралы мәліметтерге сәйкес

келмеуінің не жүріп өткен жолда осы тауарларға қатысты қандайда бір заңға қайшы әрекеттер жасалғанының (тауарларды алмастыру, санын (сапасын) өзгерту және т.б.) анықталған (анықталған жағдайда) белгілерді көрсететін мәліметтерді не кедендік мақсаттар үшін маңызы бар өзге де мәліметтерді (кеден транзиті мерзімінің бұзылуы, сәйкестендіру құралдарының бұзылуы немесе жоғалуы және т.б.) (бұдан әрі – ескертпелер) көрсете отырып, мынадай түрде кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтайды:

а) соның ішінде кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, жөнелтуші кеден органына кеден транзитінің кедендік транзитіне сәйкес тауарларды шығару туралы сұрау салуды жібереді (егер межелі кеден органының ақпараттық жүйесінде осындай ақпарат болмаған жағдайда);

б) кеден органының ақпараттық жүйесіне кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты енгізеді және кеден органының ақпараттық жүйесінде жөнелтуші кеден органына жіберілетін кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталу мерзімін ұзарту туралы хабарды қалыптастырады (егер межелі кеден органының лауазымды тұлғасы кедендік қарап тесеруді жүргізу туралы шешім қабылдаған жағдайда);

в) кеден органының ақпараттық жүйесіне нақты келіп жеткен тауарлардың санын және ескертпелерді көрсете отырып, кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау туралы ақпаратты енгізеді (бұзушылықтар белгісі анықталған жағдайда);

г) кеден органының ақпараттық жүйесінде жөнелтуші кеден органына және кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету сертификатын тіркеген кеден органына жіберілетін кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғаны туралы хабарды қалыптастырады (егер ол транзиттік декларацияны беру кезінде пайдаланылған жағдайда);

д) осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес Кодекстің 362-бабына сәйкес кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау туралы мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсынған тұлғаны хабардар етеді;

е) транзиттік декларацияға (ол қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған жағдайда) және жөнелтуші кеден органы сәйкестендірген көлік (тасымалдау) құжаттарына тауарлардың келіп түскені туралы белгі қояды, сондай-ақ ескертпелерді көрсетеді (бұзушылықтар белгісі анықталған жағдайда), содан кейін кк.аа.жж форматында (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы 2 цифры) күнін көрсете отырып, белгіні және ескертпелерді кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғанын рәсімдеген кеден органының лауазымды тұлғасының қолымен және жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырады;

ж) осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау үшін транзиттік декларацияны ұсынған тұлғаға белгілер мен ескертпелер (анықталған жағдайда) қойылған осындай транзиттік декларацияны, сондай-ақ осы

Тәртіптің 4-тармағына сәйкес транзиттік декларациямен бірге ұсынылған өзге де құжаттарды қайтарады.

6. Тасымалдаушының еркін жазбаша нысанда жасалған өтініші бойынша межелі кеден органының лауазымды тұлғасы:

а) транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін, нақты келіп жеткен тауарлардың санын, ескертпелерді (анықталған жағдайда), осындай аяқтаудың күні мен уақытын көрсете отырып, еркін нысанда жасалған қағаз тасымалдағыштағы құжат түріндегі кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғаны туралы растауды береді (егер транзиттік декларация жөнелтуші кеден органына электронды құжат түрінде ұсынылған жағдайда);

б) жөнелтуші кеден органының белгілері бар көлік (тасымалдау) құжатына (тасымалдаушының данасына) осы Тәртіптің 5-тармағының "е" тармақшасында көзделген белгілерді қосымша қояды.

7. Егер осы Тәртіптің 5-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған мәліметтер мен осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда), сондай-ақ (егер транзиттік декларация жөнелтуші кеден органына электронды құжат түрінде ұсынылған жағдайда) межелі кеден органының ақпараттық жүйесінде қамтылған мәліметтер арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда осындай хабар жіберген кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Мәліметтер түзетілгеннен кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау мерзімін ұзарту туралы хабарда мәліметтерді өзгерту туралы хабарды қалыптастырады және жөнелтуші кеден органына жібереді.

8. Егер осы Тәртіптің 5-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі мен осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес ұсынылған транзиттік декларацияның тіркеу нөмірі, сондай-ақ (егер транзиттік декларация жөнелтуші кеден органына электронды құжат түрінде ұсынылған жағдайда) межелі кеден органының ақпараттық жүйесінде қамтылған мәліметтер арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда осындай хабарды жіберген кеден органы:

өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде өзгерістер енгізеді;

өзінің ақпараттық жүйесін пайдалана отырып:

кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталу мерзімін ұзарту туралы хабарды жою туралы хабарды;

кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау мерзімін ұзарту туралы жаңа хабарды қалыптастырады және жөнелтуші кеден органына жібереді.

Осы тармақта көзделген іс-әрекеттер мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей жүргізіледі.

9. Транзиттік декларация ретінде АТА карнетін немесе ХЖТ кітабын пайдалана отырып тауарларды тасу (тасымалдау) кезінде кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау үшін оларды рәсімдеу тиісінше 1990 жылғы 26 маусымдағы Уақытша әкелу туралы конвенцияның, 1961 жылғы 6 желтоқсандағы Тауарларды уақытша әкелу үшін А.Т.А. карнеті туралы Кеден конвенциясының не 1975 жылғы 14 қарашадағы ХЖТ кітабын қолданумен халықаралық жүк тасымалы туралы Кеден конвенциясының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Егер осы Тәртіптің 5-тармағының "г" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осындай хабарда қамтылған мәліметтер мен осы Тәртіптік 4-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар және (немесе) мәліметтер (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда), сондай-ақ (транзиттік декларация жөнелтуші кеден органына электронды құжат түрінде ұсынылған жағдайда) межелі кеден органының ақпараттық жүйесінде қамтылған мәліметтер арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда осындай хабарды жіберген кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Мәліметтерді түзетуден кейін кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтау туралы хабарда мәліметтерді өзгерту туралы хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 5-тармағының "г" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

11. Егер кеден транзитінің мерзімі өткен күннен кейінгі күндегі жағдай бойынша жөнелтуші кеден органында тауарларды жеткізу орнына жеткізу (толық немесе ішінара) туралы не Кодекстің 151-бабының 12-тармағында көзделген жағдайларда кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталғаны туралы хабар болмаған жағдайда осындай кеден органы межелі кеден органына, қызмет ету өңірлерінде кеден транзитінің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларды түсіру, қайта тиеу (ауыстырып тиеу), өзге де жүк операциялары және (немесе) осындай тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына (бұдан әрі – қызмет ету өңірінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдары), кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды тасымалдау маршрутын белгілеу (ол белгіленген жағдайда) кезінде немесе

оны өзгерту кезінде айқындалған аралық кеден органдарына (бұдан әрі – аралық кеден органдары) ақпараттық жүйе арқылы кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы туралы сұрау салуды жібереді.

Межелі кеден органының, қызмет ету өңірінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарының, аралық кеден органдарының ақпараттық жүйелерінен кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы туралы мәліметтердің болмауы туралы ақпарат алынған жағдайда жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы:

соның ішінде кеден органының ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, межелі кеден органына, қызмет ету өңірінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына және аралық кеден органдарына тауарлардың орналасқан жерін анықтау туралы сұрау салуды жібереді;

тауарларды жеткізу (толық немесе ішінара) туралы мәліметтердің болмауы себептерін белігеуге бағытталған кедендік операцияларды жасайды, соның ішінде Кодекстің 362-бабына сәйкес тасымалдаушыға, ал тасымалдаушы декларант болмаса – сонымен бірге кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлардың декларантына сұрау салуды жібереді.

12. Кеден органы жөнелтуші кеден органынан тауарлар орналасқан жерді анықтау туралы сұрау салуды алған сәттен бастап мынадай кедендік операцияларды жасайды:

а) көлік құралының жеткізу орнына келуін және (немесе) межелі кеден органының құрылымдық бөлімшелерінің кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтауын белгілейді;

б) транзиттік декларацияда және (немесе) алушымен (тасымалдаушымен, егер тасымалдаушы кеден транзитінің кедендік рәсімінің декларанты болып табылмаса, декларантпен) жасалған көлік (тасымалдау) құжаттарында көрсетілген уақытша сақтау қоймасы иесінде қоймалық көрсетілетін қызметтер туралы шарттың, сондай-ақ тауарларды жеткізу (оларды уақытша сақтауға орналастыру) туралы мәліметтердің болуын тексереді;

в) тауарларды алушының (оның тұрған жері және құрылтайшылары туралы мәліметтер) болуын (шетелдік тауарларды Одақтың кедендік аумағына тауарлар келген жердегі кеден органынан Одақтың кедендік аумағынан тауарлардың шығатын жеріндегі кеден органына дейін немесе ішкі кеден органынан шығатын жердегі кеден органына дейін тасу (тасымалдау) жағдайларын қоспағанда), тауарларды алушыда тауарларды тасуға (тасымалдауға) сыртқы сауда шартының, тасымалдаушымен (экспедитормен) шарттың болуын, сондай-ақ тауарларды алуын (алуын күтуді) және кедендік декларациялауды тексереді;

г) аумағында межелі кеден органы орналасқан мүше мемлекеттің ішкі істер органдарында жеткізілмеген тауарлардың ықтимал ұрлануы туралы немесе тауарлар

тасылған (тасымалданған) көлік құралының қатысуымен болған авариялар туралы мәліметтердің болуын тексереді;

д) қажет болған жағдайда тауарларды жеткізу (толық немесе ішінара) туралы мәліметтердің болмауы себептерін анықтауға, соның ішінде межелі кеден органы орналасқан мүше мемлекеттің аумағына тауарларды әкелу фактісін анықтауға бағытталған өзге де операцияларды (егер олар халықаралық шарттарда және Одақтың құқығын құрайтын актілерде немесе мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген болса) жасайды;

е) осы Тәртіптің 11-тармағының үшінші абзацында көрсетілген сұрау салуды алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде осы тармақтың "а" – "д" тармақшаларында көрсетілген кедендік операцияларды жасау нәтижелері бойынша кеден органының ақпараттық жүйесінде жөнелтуші кеден органына жіберілетін кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды іздестіру нәтижелері туралы хабарды (бұдан әрі – тауарларды іздестіру нәтижелері туралы хабар) және (немесе) осы Тәртіптің 5-тармағының "г" тармақшасына сәйкес кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы туралы хабарды (кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы фактісі анықталған жағдайда) қалыптастырады не көрсетілген мерзімде тиісті мәліметтер жазбаша немесе электронды нысанда жөнелтуші кеден органына жіберіледі (лауазымды тұлға кеден органының ақпараттық жүйесі арқылы емес қалыптастырған осы Тәртіптің 11-тармағының үшінші абзацында көрсетілген сұрау салу келіп түскен жағдайда).

Егер осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген тауарларды іздестіру нәтижелері туралы хабар жіберілген сәтте межелі кеден органына осы тармақтың "а" – "д" тармақшаларына сәйкес сұратылған барлық мәліметтер келіп түспеген жағдайда тауарларды іздестіру нәтижелері туралы хабарда сонымен бірге қандай мәліметтер келіп түспегені туралы ақпарат көрсетіледі. Мұндай мәліметтер олар келіп түскеннен кейін тез арада жөнелтуші кеден органына жіберіледі. Бұл ретте көрсетілген мәліметтерді жіберудің ең жоғары мерзімі кеден органы белгілеген кеден транзитінің мерзімі өтетін күннен бастап күнтізбелік 30 күннен аспауы тиіс.

13. Қызмет ету өңірінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдары, аралық кеден органдары жөнелтуші кеден органынан тауарлардың орналасқан жерін айқындауға байланысты сұрау салуды алған сәттен бастап мынадай кедендік операцияларды жасайды:

а) тасымалдаушының тауарларды тасымалдау маршрутын сақтамауын растамау себептерін анықтауға (қажет болған жағдайда) және (немесе) жүк операцияларын жасауға және (немесе) көлік құралдарын ауыстыруға, сондай-ақ осы кеден органы орналасқан мүше мемлекеттің аумағына тауарларды әкелу фактісін анықтауға бағытталған операциялар;

б) аумағында қызмет ету өңірінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органы немесе аралық кеден органы орналасқан мүше мемлекеттің ішкі істер органдарында жеткізілмеген тауарлардың ықтимал ұрлануы туралы немесе тауарлар тасылған (тасымалданған) көлік құралының қатысуымен болған авариялар туралы мәліметтердің болуын тексеру;

в) осы кеден органдарының құрылымдық бөлімшелерінің кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды ықтимал аяқтауы фактісін белгілеу;

г) осы Тәртіптің 11-тармағының үшінші абзацында көрсетілген сұрау салуды алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде – осы тармақтың "а" – "в" тармақшаларында көрсетілген кедендік операцияларды жасау нәтижелері бойынша жөнелтуші кеден органына жіберілетін кеден органының ақпараттық жүйесінде кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды іздестіру нәтижелері, тауарларды тасу (тасымалдау) маршрутының сақталуы, жүк операцияларын жасау және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру туралы хабарды және (немесе) осы Тәртіптің 5-тармағының "г" тармақшасына сәйкес кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы туралы хабарламаны (кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың аяқталуы фактісі белгіленген жағдайда) қалыптастыру не көрсетілген мерзімде тиісті мәліметтер жазбаша немесе электронды нысанда жөнелтуші кеден органына жіберіледі (лауазымды тұлға кеден органының ақпараттық жүйесі арқылы емес қалыптастырған, осы Тәртіптің 11-тармағының үшінші абзацында көрсетілген сұрау салу келіп түскен жағдайда).

14. Егер кеден транзитінің мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткенге дейін осы Тәртіптің 11 – 13-тармақтарында көрсетілген кедендік операцияларды жасау барысында тауарлардың орналасқан жері белгіленген не тауарлар (тауарлардың бөлігі) жеткізу орнына келіп жеткен жағдайда қызмет ету өңірінде тауарлар орналасқан кеден органы не межелі кеден органы осы Тәртіптің 5-тармағына сәйкес осындай тауарларға (тауарлардың бөлігіне) қатысты кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтайды.

15. Егер кеден транзитінің мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң осы Тәртіптің 11 – 13-тармақтарында көрсетілген кедендік операцияларды жасау барысында тауарлардың (тауарлар бөлігінің) орналасқан жері белгіленбеген және тауарлар (тауарлардың бөлігі) жеткізу орнына келіп жетпеген жағдайда жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ көрсетілген 10 күндік мерзім өткен күннен кейінгі күннен кешіктірмей (осы Тәртіптің 16-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда) осындай тауарларға (тауарлардың бөлігіне) қатысты кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды мынадай түрде тоқтатады:

а) кеден органының ақпараттық жүйесіне кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы ақпараттық енгізеді;

б) кеден органының ақпараттық жүйесінде межелі кеден органына, қызмет ету өңірінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына, аралық кеден органдарына, сондай-ақ кедендік баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету сертификатын тіркейтін кеден органына (егер ол транзиттік декларация тапсыру кезінде пайдаланылған жағдайда) жіберілетін кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы хабарды қалыптастырады;

в) транзиттік декларацияға кеден транзитіні кедендік рәсімін қолдануды тоқтату күнін, уақытын және себептерін көрсете отырып, кеден транзитінің кедендік рәсімін тоқтату туралы белгі қояды, содан кейін қойылған белгілі кеден органының лауазымды тұлғасының қолымен және жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен куәландырады (егер транзиттік декларация жөнелтуші кеден органына қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде ұсынылған жағдайда);

г) декларантты және тасымалдаушыны Кодекстің 362-бабына сәйкес кеден транзитінің кедендік рәсімін қолданудың тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

16. Межелі кеден органынан осы Тәртіптің 12-тармағының "а" – "д" тармақшаларына сәйкес сұратылған арлық мәліметтердің межелі кеден органына келіп түспегені туралы ақпараты бар осы Тәртіптің 12-тармағының "е" тармақшасында көрсетілген тауарларды іздестіру нәтижелері туралы хабар келіп түскен кезде жөнелтуші кеден органы кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтатады және кеден транзитінің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң келесі жұмыс күні осы Тәртіптің 15-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жасайды (егер көрсетілген мерзімде тауарлардың (тауарлар бөлігінің) орналасқан жері белгіленбеген және тауарлар (тауарлардың бөлігі) жеткізу орнына келіп жетпеген жағдайда).

17. Егер осы Тәртіптің 15-тармағының "б" тармақшасында көзделген хабар жіберілгеннен кейін осы хабарда қамтылған мәліметтер мен осы Тәртіптің 11 – 13-тармақтарында көрсетілген кедендік операцияларды жасау барысында алынған құжаттар және (немесе) мәліметтер (транзиттік декларацияның тіркеу нөмірін қоспағанда) арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда жөнелтуші кеден органы өзінің ақпараттық жүйесінде анықталған айырмашылықтарды жою бөлігінде мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Мәліметтер түзетілгеннен кейін жөнелтуші кеден органы мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ айырмашылықтар анықталған сәттен бастап кеден органының 3 сағат жұмыс уақытынан кешіктірмей кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы хабарда мәліметтерді өзгерту туралы хабарды қалыптастырады және осы Тәртіптің 15-тармағының "б" тармақшасында көзделген кеден органдарына жібереді.

18. Кодекстің 304-бабының 16-тармағында, 305-бабының 6-тармағында және 306-бабының 7-тармағында көрсетілген жағдайларда жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы осы тармақтың екінші абзацын ескере отырып, осы Тәртіптің 15-

тармағында көрсетілген кедендік операцияларды жасау арқылы кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтатады.

Кодекстің 305-бабының 6-тармағында және 306-бабының 7-тармағында көрсетілген жағдайларда кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтату кезінде жөнелтуші кеден органының лауазымды тұлғасы осы Тәртіптің 15-тармағында көрсетілген кедендік операцияларды жасаумен қатар, кеден органының ақпараттық жүйесінде тауарлар уақытша әкелу (жіберу) кедендік рәсіміне, кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсіміне немесе ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсіміне орналастырылған не осындай кеден органы Кодекске сәйкес тауарларға қатысты одан әрі кедендік операцияларды жасау туралы шешім қабылдауы үшін Одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу бойынша немесе ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу бойынша (қайта өңдеу өнімдерін, қоқыстарды және қалдықтарды) операцияларды жасау нәтижесінде алынған (қалыптасқан) тауарларды бақылауды (есепке алуды) жүзеге асыратын кеден органына жіберілетін кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы хабарды қалыптастырады.

19. Егер осы Тәртіптің 11 – 13-тармақтарында көзделген кедендік операцияларды жасау нәтижелері бойынша кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды тоқтатқаннан кейін тауарларға (тауарлардың бөлігіне) қатысты мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шешім қабылданған не егер мұндай тауарлар жеткізу орнына келіп жеткен, олардың орналасқан жері белгіленген немесе кеден органы тауарларды кеден транзитінің кедендік рәсіміне орналастырмаған мүше мемлекеттің аумағына тауарларды (тауарлар бөлігін) әкелу фактісі белгіленген жағдайда тиісті мәліметтерді иеленетін кеден органының лауазымды тұлғасы Кодекстің 368-бабында көзделген кеден органдарының өзара іс-қимылы шеңберінде осындай мәліметтерді жөнелтуші кеден органына, межелі кеден органына, қызмет ету өңірінде жүк операциялары және (немесе) көлік құралдарын ауыстыру жоспарланған кеден органдарына, аралық кеден органдарына жібереді.

20. Кеден органы пайдаланатын ақпараттық жүйенің техникалық ақаулардан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің) жұмысындағы бұзушылықтардан, электр энергиясын ажыратудан туындайтын бұзылуы жағдайында кеден транзитінің кедендік рәсімін қолдануды аяқтауға және тоқтатуға байланысты кедендік операциялар қолда бар құралдарды, аспаптарды, сондай-ақ ресми хат-хабар алмасуды қоса алғанда, жедел байланыс арналарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Кеден органының ақпараттық жүйесінің ақауы жойылғаннан, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілердің және (немесе) "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің) жұмысқа жарамдылығы қайта қалпына келтірілгеннен, электр энергиясын беру қайта қалпына келтірілгеннен кейін осы Тәртіпте көзделген шешімдер қабылданған жағдайда осындай шешімдер қабылдаған

кеден органының лауазымды тұлғасы мүмкіндігінше қысқа мерзімде осы Тәртіпте көзделген кедендік операцияларды жасайды."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК